

**"Маңғышлақ атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері<\*>**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 13 мамыр N 432. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1999.01.05. N 7 қаулысымен. ~P990007

"Маңғышлақ атом энергия комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - "МАЭК" кәсіпорны) төлем қабілетсіздігіне байланысты дағдарысты шешу және өзінің әлеуметтік-экономикалық маңызына орай тікелей мемлекеттік басқаруды талап ететін "МАЭК" кәсіпорнының мүлкін мемлекет меншігінде сақтап қалу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Маңғыстау тұщыландыру кешені" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

Кәсіпорынның негізгі міндеті ауызсу, тазартылған және техникалық су шығарумен және оны тұтынушыларға берумен байланысты қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Уәкілетті орган бір ай мерзім ішінде БН-350 реакторының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін қажетті шараларды қарастыра отырып, кәсіпорынның жарғылық капиталына беретін "МАЭК" кәсіпорны мүлкінің тізбесін заңдарда белгіленген тәртіппен айқындасын;

Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және кәсіпорынды әділет органдарында тіркесін;

заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның басшысын тағайындасын және онымен келісім шарт жасассын;

Кәсіпорын белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оны Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізу туралы қаулының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

мына мүлкіті:

Кәсіпорынның жарғылық қорына берілген; "МАЭК" кәсіпорнының балансында қалған мүлкіті бірыңғай жедел-техникалық басқаруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қаржы министрлігі Маңғыстау облысының әкімімен бірлесе отырып, 1998 жылдың 1 шілдесіне дейін халықты сумен жабдықтауды және аймақты газбен жабдықтауды ұйымдастыру схемасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "Маңғыстау өнеркәсіп компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде "МАЭК" кәсіпорнының аудитін аяқтасын және оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

5. "Маңғыстау облысының өнеркәсіптік кешенін қайта құрылымдау жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 ақпандағы N 83 P980083\_ қаулысының 1-тармағының екінші және үшінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі